

БАТЫР ЕРЛІГІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

4-БЕТ | ЕҢБЕК АДАМЫ



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ БОЛУДЫҢ ЕҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ – КІТАП ОҚУ. СОНДЫҚТАН КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚОҒАМДА БАРЫНША ОРНЫҚТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК.

№125
(4869)
Бейсенбі
23 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

KIA QAZAQSTAN ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Осы аптаның жағымды жаңалығының бірі – Қостанайда KIA Qazaqstan зауыты ашылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушыларды зауыттың ашылуымен құттықтап, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам екеніне назар аударды.

Кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі – 131,5 миллиард теңге. Кәсіпорында 1500 жұмыс орны ашылған. Ал оның өнімі Қазақстан, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарығына шығады. Мемлекет басшысы KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Президент Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты тапсырма беріліп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын айтты.

«Енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз» деді Президент.



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Үркер» (Нұра ауданы) тұрғын алабының тұрғындарымен есеп беру кездесуін өткізеді



29/10
10:00

№33 орта мектеп,
Әміре Қашаубаев көшесі, 28А

ТІКЕЛЕЙ ЭФИР АСТАНА ҚАЛАСЫ НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ FACEBOOK ПАРАҚШАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ



Республика күні мерекесі және демалыс күндері – 25, 26, 27 қазанда Астана қаласындағы орталық касса жұмыс істемейді. Бұл туралы City Transportation Systems мекемесі хабарлады. Орталық касса мерекеден кейін 28 қазан – сейсенбіде кестеге сәйкес жұмыс істейді.



КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА

Ертең – Кітапханашылар күні. Рухани-мәдени байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып, табыстырушы – ол кітапханашы. Бүгінгі таңда елордадағы 25 кітапханада жүздеген кітапханашы жұмыс істейді.

25-26 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Елордада Ақмола облысының ауылшаруашылық жәрмеңкесі «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тасжолы, 1, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін) өтеді.



№125 (4869) 23/10/2025 Бейсенбі





ЕКІ ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ БІР, ТАРИХЫ ОРТАҚ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Мемлекет басшысының шақыруымен 20-21 қазан күндері Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Сапар барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізіліп, президенттер Жоғары мемлекетаралық кеңеске қатысты.

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

«Ақорда» резиденциясында Әзербайжан Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Екі елдің әнұрандары орындалған соң президенттер келіссөз залына барды.

«Сізді мемлекеттік сапарыңыз аясында Қазақстанда қарсы алу – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – елдеріміздің арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды оқиға. Қазақстан мен Әзербайжан – тек достас елдер емес, сондай-ақ бауырлас халықтар. Біз үшін Әзербайжанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты және саяси серіктестікті нығайту – аса өзекті міндет» деді Мемлекет басшысы.

Ильхам Әлиев қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, қазақ-әзербайжан байланысы барлық бағытта қарқын алғанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстан дамудың жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Еліңіздегі қоғамдық-саяси жағдай тұрақты, экономикалық даму қалыпты. Сіз жүргізіп жатқан реформаларды зор қызығушылықпен бақылап отырмыз. Еліңізді жаңғырту мен әлеуетін арттыру жолындағы бағдарыңызды толық қолдаймыз. Екіжақты қарым-қатынастың стратегиялық, одақтастық сипат алғанын атап өттіңіз. Біз барлық бағыттағы ықпалдастықты нығайтуға ниеттіміз» деді Әзербайжан Президенті.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және көлік-транзит салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа назар аударды. Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ОРТА ДӘЛІЗДІ ДАМЫТУ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекеттер басшыларына қазақ-әзербайжан мамандарының Орта дәлізді дамыту бойынша атқарып жатқан жүйелі жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Қазақстан Президентінің кеңесшісі Әсел Жанасова Орта дәлізді дамыту жоспарын таныстырды. Бұл – Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерін Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі көлік-логистикалық бағыт. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевке Қытайдан Әзербайжанға тасымал көлемінің ұлғаюы Орта дәліздің дамуына тың серпін бергені жөнінде баяндалды. Бүгінде жүк Қытай шекарасынан Грузия порттарына дейін 15-18 күнде жеткізіледі. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл бағыттағы жүк айналымы үш есе артуы мүмкін. Мемлекеттер басшыларына Орта дәліздің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, сондай-ақ Еуразиядағы транзиттік рөлін нығайтуға бағытталған нақты шаралар және бастамалар туралы айтылды.

ОН БЕС ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Астанада Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевтің төрағалығымен Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысы өтті. Жиынның күн тәртібінде көлік, логистика, цифрландыру, отын-энергетика кешені, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. Мемлекет басшысы мұндай формат Қазақстан-Әзербайжан қатынастарының ерекше сипатын паш ететінін атап өтті.

«Кеңес екіжақты ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша ортақ шешім шығаратын тиімді алаңға айналды. Әзербайжан – Қазақстан үшін ерекше ел, бауырлас мемлекет. Бізді ортақ тарихи тамырластық, бай рухани-мәдени мұра біріктіреді, менталитетіміз бен ұстанымдарымыз ұқсас. Сан қырлы ынтымақтастығымыз осы мызғымас құндылықтардың негізінде дамып келеді. Ильхам Гейдар оглу, Сіздің сапарыңыз екі ел арасында Стратегиялық серіктестік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толған сәтте өтіп жатыр. Мұның символдық мәні бар. Осы жылдар ішінде біз белсенді саяси диалогты жолға қойып, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтың үздіксіз дамуына берік шарттық-құқықтық негіз қаладық. Осынау жанжақты әрі дәйекті жұмысты екі ел азаматтары да қолдап отыр» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынастарының жоғары деңгейге жетуіне, ең алдымен, Президент Ильхам Әлиев елеулі үлес қосқанына назар аударды.

«Бүгінгі Әзербайжанның айтулы жетістіктері Сіздің қуатты көшбасшылығыңызбен тікелей байланысты. Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы декларацияның тарихи маңызы зор екенін арнайы атап өткім келеді. Сіз саяси ерік-жігер мен стратегиялық көрегенділік танытып, күрделі түйткілдерді шешудің және келешек ұрпақ тағдыры үшін жауапкершілік арқалаудың парасатты жолын нұсқадыңыз. Екі ел арасында қол жеткізілген уағдаластық жаңа кезеңнің бастауы ретінде бүкіл аймақтағы және өңірден тысқары ынтымақтастық көкжиегін кеңейткеніне еш күмән жоқ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев сөз сөйледі. Келіссөз қорытындысы бойынша президенттер Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың қол қойылғанына 20 жыл толуына орай Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Жалпы, Әзербайжан Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында энергетика, көлік-логистика, цифрландыру, жасанды интеллект, өнеркәсіптік меншік, денсаулық сақтау, статистика салаларындағы және мәдени-гуманитарлық байланыстар бағытындағы ынтымақтастық жөнінде 15 құжатқа қол қойылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА САПАЛЫ ДЕҢГЕЙІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев екіжақты келіссөз және Қазақстан – Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесі отырысының қорытындылары бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Мемлекет басшысы, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік сапармен келгені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке шынайы ризашылығын білдірді.

«Бауырлас Әзербайжан халқының басшысын, аса көрнекті мемлекет қайраткері Президент Ильхам Әлиевті қазақ жерінде қарсы алу – біз үшін зор мәртебе. Екі елдің тамыры бір, тарихы ортақ. Әзербайжан – Қазақстанның маңызды әрі сенімді стратегиялық серіктесі. Бүгінде қарым-қатынасымыз тұрақты дамып келеді. Біз өзара байланысымызды күшейтуге айрықша көңіл бөлеміз. Басты мақсат – достығымызды нығайтып, түрлі саладағы ықпалдастыққа тың серпін беру. Бұл қос халықтың мүддесіне сай келеді. Осы сапар Қазақстан-Әзербайжан ынтымақтастығын жаңа сапалы деңгейге көтеруге ықпал етеді деп кәміл сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы бұл сапардың екі ел арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың 20 жылдығымен қатар келуінің символдық мәні бар екенін атап өтті. Осы уақыт ішінде мемлекеттеріміз екіжақты ынтымақтастықты өрістетуде зор табысқа жетті.

«Халықтарымыздың достығы мен өзара қолдауының, жоғары деңгейдегі қарқынды саяси диалог пен үкіметтердің жүйелі жұмысының арқасында көпжоспарлы қазақ-әзербайжан ынтымақтастығы жаңа мазмұнмен толығып, өркендеп келеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы – соның айқын дәлелі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттер басшылары келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге баса мән берді. Екіжақты тауар айналымын жақын арада еселеп, оны бір миллиард долларға дейін жеткізу үшін қажетті іс-шаралар қабылдауға уағдаласты.

«Ауыл шаруашылығы, энергетика, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, цифрландыру салаларында мүмкіндігіміз мол. Қос тарап бірлескен кәсіпорындар құруға ниет танытты. Бұл мәселеде айтарлықтай алға жылжу бар. Өзара тиімді жобаларды қаржыландыру мақсатында Қазақстан-Әзербайжан тікелей инвестиция қорының қызметін жандандыруға келістік. Екі елдің іскерлік топтары арасындағы қарым-қатынасты одан әрі кеңейту қажеттігіне назар аударды. Осы ретте сапар аясында өтіп жатқан Қазақстан-Әзербайжан бизнес форумының маңызы зор» деді Президент.

Келіссөздерде энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту маңызды тақырыптың бірі болды. Бұл бағытта екі елдің де әлеуеті мол.

«Қазақстан мұнайын Баку – Тбилиси – Жейхан бағдары бойынша тасымалдау жөніндегі бірлескен жұмысты ерекше атап өткім келеді. Былтыр Әзербайжан арқылы бұл стратегиялық шикізат транзиті бір жарым миллион тоннаға жуықтады. Жақын арада мұны айтарлықтай ұлғайту қажет. Теңіз табанына төселетін электр кабельдері жобасы ұлттық энергия жүйесін дамытуға серпін береді. Бұл біздің «жасыл» энергия экспортындағы позициямызды күшейте түседі. Әзербайжан аумағы арқылы қазақстандық уран өнімдерін шетел нарықтарына жеткізу аясында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы орайда барлық негізгі бастамалар мен жобаларға қолдау көрсеткені үшін құрметті Әзербайжан Президентіне ризашылығымды білдіремін» деді Президент.

Мемлекеттер басшылары жасанды интеллектінің қарқынды дамып келе жатқанын ескере отырып, IT сектор екіжақты қатынастарға мол мүмкіндік ашатынына тоқталған.

«Қазақстан мемлекеттік қызметті цифрландыруда, IT технологияларды дамытуда тәжірибе жинақтады. Біз осы салада бірлескен жобаларды іске асыруға дайынбыз. Келіссөздер барысында Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасын жеделдетудің маңызын атап өттік. Үкіметтерге оны қысқа мерзім ішінде әзірлеу жөнінде тапсырма берілді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МӘДЕНИ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТАДЫ

Қазақстан мен Әзербайжан арасында мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастық ерекше орын алады.

«Кейінгі жылдарда екі елде алма-кезек өткен Қазақстан мен Әзербайжанның Мәдениет күндері және Кино күндері айтулы оқиғаға айналды. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелендіру үшін Мәдени ынтымақтастық бағдарламасын қабылдауға уағдаластық. Білім мен ғылымды, жастар байланысын дамытудың перспективасы мол екеніне арнайы тоқталдық. Осы мақсатта Бакуде былтырдан бері Қазақстан-Әзербайжан ғылым және білім орталығы қызмет етеді» деді Мемлекет басшысы.

ЖАҺАНДЫҚ ЖАҒДАЙ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Тараптар өңірлік және жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде де пікір алмасты.

«Біз халықаралық саясаттың барлық өзекті мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ұқсас екенін атап өттік. Көпжақты құрылымдар аясындағы жұмысты үйлестірудің маңызына мән берілді. Өңірлік және жаһандық деңгейде бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға ұмтылатынымызды жеткіздік. Баршаңызға белгілі, Президент Ильхам Гейдар оглу Әлиев Президент Трамптың белсенді араағайындығымен Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасында бейбіт декларацияға қол қойып, тарихи миссиясын орындады. Қазақстан мұны ресми түрде құптады. Қол жеткізілген келісімдер Оңтүстік Кавказдағы сенімді нығайтып, жалпыға ортақ өркендеу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ильхам Әлиев екіжақты байланыстардың жоғары деңгейіне назар аударды.

«Халықтарымызды ортақ рухани-мәдени құндылықтарға арқа сүйеген, ғасырлардан тамыр тартатын достық пен бауырластық қатынастар байланыстырады. Бұл – біздің мемлекетаралық ынтымақтастығымыздың берік іргетасы. Соңғы үш жылда бір-бірімізге оннан аса сапар ұйымдастырдық. Ықпалдастығымыздың қаншалықты қарқынды екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Әрбір кездесу, әрбір талқылау түпкі нәтижені көздейді. Бұл жолы біз салалық министрліктердің есебі мен келешек жоспарларын тыңдадық. Жұмыс қорытындысына көңіл толады. Өйткені белгіленген міндеттердің бәрі орындалып жатыр. Мемлекетаралық кеңес аясында қол жеткізілген келісімдер халықтарымыздың игілігіне қызмет етеді» деді Әзербайжан Президенті.

ҚОС КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Республика күні қарсаңында елордадағы А.Иманов көшесінің бойында жаңа кітапхана ашылды. Кітапхана Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарайды.



Салтанатты ашылу рәсіміне Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, мәслихат депутаттары, мәдениет саласының өкілдері мен кітапхана қызметкерлері қатысты.

Жаңа кітапхананың заманауи оқу залы мен коворкингі бар, кітап қоры 3 мыңнан асады. Бір уақытта 6 мыңға жуық оқырманға қызмет көрсетуге мүмкіндік жасалған. Сарайшық ауданындағы «Сарыатан» тұрғын үй кешенінде де дәл осындай кітапхана ашылды. Сөйтіп, қазіргі уақытта Астанада 25 кітапхана жұмыс істеп тұр.

Айта кетейік, елордада кітапхана жүйесін жаңғырту жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 2023 жылы 4 кітапхана жаңғыртылса, 2024 жылы тағы 4 нысан жөндеуден өтіп, 4 жаңа кітапхана пайдалануға берілді. 2025 жылы 3 кітапхана жаңартылып, тағы 3 жаңа кітап үйі іске қосылуда.

АУДАНДАР БЮДЖЕТІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЛАЙ?

Астана қаласы мәслихатының депутаттары жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалу нәтижелері жөнінде аудан әкімдерінің есептерін тыңдауға арналған көшпелі отырыстарын өткізіп жатыр.



Алғашқы отырыс Алматы ауданында өтті. Онда ағымдағы жобалардың іске асу нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған жоспарлар жан-жақты талқыланды.

«Депутаттардың негізгі назарында бюджет қаражатының тиімді игерілуі, әлеуметтік маңызы бар бастамалардың орындалуы, сондай-ақ қаланың инфрақұрылымын дамыту мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бағдарламалардың сапасы болды. Мұндай өзара іс-қимыл форматы жүзеге асқан жобалардың тиімділігін жан-жақты қарастыруға, басым бағыттарды айқындауға және қосымша қаржыландыруды қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік береді» дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек бюджетті үнемдеуге қатысты ұсыныстарын жеткізді. Соның ішінде Алматы ауданы әкімдігі аппаратының қаржысын мүмкіндігінше қысқарту, жарықтандыру мәселесін зерттеу, оны кестемен беруді қарастыру, безендіруді жарықтандыру қажеттігін пысықтау, аулаларды күрделі жөндеудің жағдайын қосымша карауды ұсынды.

Байқоңыр ауданындағы көшпелі отырыста ерекше назар аулаларды абаттандыру, инженерлік желілерді жаңарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және қалалық ортаның жайлылығын арттыру мәселелеріне аударылды.

Есіл ауданындағы отырыста мәслихат депутаттары өз ұсыныстарын жеткізді.

«Бұл ауданның 2025 жылғы қаржыны игеруі қуантады. Жыл аяғына дейін жоспарланбаған шығындар болмайды. Келесі жылғы бюджет барлық саланы, яғни санитария, көгалдандыру, абаттандыруды қамтиды» дейді Кендебай Адамбек.

Ол цифрландыруға көңіл бөліп, бейнекамералар арқылы қоқыстың рұқсатсыз жиналуына, аялдамалардың, дәретханалардың бұзылмауына жол бермеу жағын ескертті.

«Кейінгі кезде аудандар үнемдеу деген сөзді ұмытқан сияқты» деген депутат осы жағына көңіл аударуды ұсынды.

ЭКОЛОГИЯ ҚАУІПСІЗДІГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің бастамасымен, «Белсенді азамат» қоғамдық қоры және қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен елорданың экологиялық саясатын жетілдіруге арналған диалог алаңы өтті. Шара «Елорда экологиялық қауіпсіздігі: нақты шешімдер үшін ынтымақтастық» тақырыбына арналды.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Қоғамдық кеңес мүшелері экологиялық саясаттың тиімділігін арттыру үшін құрылыс, көлік, энергетика және сәулет салалары арасында үйлесімді өзара іс-қимыл орнатудың маңызын айтты. Осы мақсатта ведомствоаралық үйлестіру тетігін Қоғамдық кеңес қатысуымен құру ұсынылды. Қатысушылар экологиялық талаптарды тендерлік құжаттамаға енгізуді, қалдық полигонын жаңғыртуды және екінші шикізатты ел ішінде өңдеуді дамыту қажет екенін атап өтті. Сонымен бірге мектептер мен балабақшаларда «Мектептен қалаға дейінгі сұрыптау» атты қанатқақты бағдарламаны іске қосуды ұсынды.

Қыс мезгілінде ауа сапасының күрт нашарлауы басты мәселе ретінде көтерілді. Қалада экологиялық бақылау датчиктерінің саны тым аз. Бар болғаны 10-ға жуық, ал Алматыда 200-ден астам. Сондықтан жасанды интеллект негізінде бірыңғай цифрлық мониторинг жүйесін құру қажеттігі айтылды. Сондай-ақ жеке секторды газбен жылытуға кезең-кезеңімен көшіру, қоғамдық көлікті газ және электр энергиясына бейімдеу, велосипед, каршеринг сияқты экологиялық көлік түрлерін қолдау ұсынылды.

Диалог қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар қала әкімдігі мен тиісті басқармаларға жолданып, алдағы табиғатты қорғау іс-шараларын жоспарлау кезінде ескерілмек.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

«Жастар» театрында Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб, қалалық мәслихат депутаттары қатысып, сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты іс-шараны ашқан Ерік Мейірханов бүгіндері елордада 41 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жан тұрып жатқанын, соның 11 мыңы балалар екенін атап өтті. Оларға және қиын жағдайға түскен адамдарға 2 мыңнан аса азамат, соның ішінде 434 әлеуметтік қызметкер, 11 әлеуметтік мекеме мен 8 үкіметтік емес ұйым қызмет көрсететінін айтты.

«Сіздер күнделікті қызметтеріңізде мұқтаж жандарға көп қолдау көрсетіп, сенімдеріне ие болдыңыздар. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік тұрақтылығына үлкен үлес қосып отырсыздар» деді қала әкімінің орынбасары.

Жиында аталмыш саланың 30-ға жуық қызметкері марапатталды. Оларға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің медальдары, Астана қаласы әкімінің алғыс хаттары тапсырылды. Әкімнің алғыс хатына ие болғандардың бірі – Байқоңыр ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қазақ тілі оқытушысы Маржан Пірімбетова. Білім саласында жарты ғасырға жуық уақыт жұмыс істеген маман әлі де ел игілігіне қызмет етуде.

Әсел ЖҰМАҒҰЛОВА

БАТЫР ЕРЛІГІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Халық батыры Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 101 жыл және Жеңіс туын көкке көтергеніне 80 жыл толуына орай елордадағы Р.Қошқарбаев атындағы №44 орта мектепте салтанатты жиын өтті.



Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Сарайшық ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшелері, белсенді тұрғындар және мектеп ұжымы ұйымдастырған мерекелік іс-шара әскери киімдегі 101 оқушының келген қонақтарды тік тұрып қарсы алуымен басталды. Жиынға «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының орынбасары, генерал-майор Марат Нұғұманов, қалалық Ардагерлер кеңесінің орынбасары Мұрат Іргебаев, Сарайшық ауданы әкімдігінің аппарат басшысы Азат Баужанов, Рақымжан Қошқарбаев ағасының қызы Маржан Нұрмағанбетова және келіні Қалам Темірова қатысып, батырдың ерлігін ұлықтады.

Алдымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі тәрбие және идеология жұмыстары департаментінің бастығы, әділет полковнигі Тілеухан Басқожаев құттықтау сөз сөйледі.

– Осыдан 80 жыл бұрын жауынгерлер Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов Берлиндегі Рейхстагқа қызыл ту тікті. Олардың әрекеті ерлік пен жанқиярлықтың, Отанға деген сүйіспеншілік пен махаббаттың шынайы көрінісі еді. Рейхстагқа ту тіккен біздің батыр бабамыз тек қана соғыс батыры емес, ол – шынайы патриотизм, қайсарлық пен жасампаздықтың символы. Бүгінде біз Рақымжан Қошқарбаев ерлігінің алдында бас иеміз. Жеңіс туы – халқымыздың қайсарлығы мен бірлігінің символы. Тарих бізбен бірге жасалады. Сіздер сол тарихтың жалғасысыздар. Сондықтан істеріңіз, армандарыңыз және білімдеріңіз күшті, бейбіт және тәуелсіз елдің дамуына қосқан үлестеріңіз зор болсын! – деді әділет полковнигі.

Ерлікке құрмет ретінде мектептегі мемориалдық тақтаға гүл шоқтары қойылды және батырды еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды. Мереке барысында Ұлттық әскери-патриоттық орталығы ансамблінің солистері ән шырқап, Аманжол Унисбаев жетекшілік ететін «Батырлар» клубының мүшелері өз өнерін ортаға салды.

№125 (4869) 23/10/2025 Бейсенбі

ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

Аса қауіпті аймақ саналатын теміржол бойындағы өте жауапты қызметтердің бірі – өткел кезекшісі. Пойыздар мен автокөліктердің түйісетін тұсындағы өткелде ауысыммен күні-түні кезекшілік атқара отырып, олар тек жүк және жолаушылар құрамдарының ғана емес, ерсілі-қарсылы өтетін жаяу жүргіншілердің де қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осындай маңызды жұмысты 10 жылдан бері атқаратын, жалпы теміржолда 20 жылдан бері еңбек ететін елордалық теміржолшы Жамбыл Бейбітұлын Астана станциясындағы теміржол өткелінде кезекшілікте тұрған жерінен кездестірдік.

Райхан РАХМЕТОВА



Елорданың Байқоңыр ауданындағы Ю.Малахов көшесі бойында теміржол мен автокөлік жолы түйісетін үш өткел бар. Соның үшінші күзетпелі өткелінде 4 кезекші ауысыммен жұмыс істейді. Солардың бірі Жамбыл Құрманов 20 жыл бұрын елордаға көшіп келіп, теміржолға жолшы болып жұмысқа тұрды. Оған дейін әртүрлі жұмыс атқарғанмен, тұрақтылық болмаған еді. Қысы-жазы күннің астында, жолдың бойында жұмыс істесе де, тұрақты табыс пен еңбек жағдайы жасалған Астана жол дистанциясына адал еңбегімен сіңісіп кетті. Рельстер мен шпалдар төсеп, балғамен соғатын ауыр жұмыс істейтіндіктен, әдетте, жолшылар қара күш иелері болып келеді. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Жаңажол ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген теміржолшы қара жұмысқа жастайынан үйреніп өскен. Сондықтан жол монтері болу оған қиын болмады. Дегенмен саланың ішкі тәртібіне бейімделіп, қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтарын жаттап алды. Одан бөлек, айына бір рет техникалық сабақ тұрақты өтеді. 2015 жылдан бастап өткел кезекшісі қызметіне ауысты.

– Сырттай қарағанда, жол бойындағы будканың ішінде отырып, пойыз келсе шлагбаум жауып, жалауын ұстап тұратын жеңіл жұмыс сияқты көрінгенмен, моральдық және қауіпсіздік тұрғысынан жауапкершілігі өте жоғары қызмет. Себебі автокөлік жүргізушілерінің де, жаяу жүргіншілердің де тәртіпке бағынбай, жол-көлік ережесін бұзатындар көп. Пойыздың жақындап қалғанына, шлагбаумның жабық тұрғанына қарамай зулап өтіп кететін көліктер бар. Алайда сондай асығыстықтың соңы не болатынын өзге жақтарда болып жатқан апаттардан көріп отырмыз. Бұл жерде камера орнатылмаған, оларды аяқасты телефон камерасына түсіріп те үлгермейсің, тек көлік нөмірін жазып алып, желілік полицияға хабарлап отырамыз. Арғы жағындағы жауапқа тарту мәселесімен солар айналысады. Одан бөлек, құлаққап киіп алып, келе жатқан пойыз дыбысын естімей, көрмей жолдан өтетін жастар көп. Болмаса ішіп алып өтетін мас адамдар, әлде қарттықпен есін білмей жол бойына тұрып алатын қариялар кездеседі. Әуелі ысқырықпен ысқырып, назарын аудартуға тырысамыз, болмаған соң өзіміз жүгіріп барамыз. Қаншама рет өз өмірімді қауіпке тігіп, келе жатқан пойыздың алдынан оларды жолдың арғы бетіне алып өткен кездерім болды. Кейбір көліктер пойыз жоқта тура жол ортасына келгенде бұзылып тұрып қалады, оған тросс апарып, басқа көліктермен сүйреп әкетуге көмектесеміз. Станция диспетчеріне хабар беріп, бері қарай әзірге пойыздарды жібермеуін ескертіп қоямыз. Жалпы өзім тұрған жерден теміржолдың екі жағына 50 метр жерге дейін аумақта бөгде заттар мен адамдардың болмауын кезекшілігімде қырағылықпен қадағалап, қайта-қайта тексеріп отырамын. Себебі сан мыңдаған тонна ауыр жүк құрамдары жүретін рельс бойында жатқан кез келген бөгде дүние оған үлкен қауіп төндіреді, – дейді өткел кезекшісі.

Қырағылық демекші, өткел кезекшісіне үлкен жауапкершілік, тиянақтылықпен қоса көзінің алыстан, жақыннан жақсы көруі өте маңызды. Осы ретте Жамбыл Құрманов елуді алқымдап қалса да, көру қабілеті жоғары екенін айтады. 3 ұл, 1 қыздың әкесі теміржолдағы осындай қиын да жауапты жұмысымен әулетін асырап отыр. Жан-жары кәсіпкерлікпен айналысады. Алайда теміржолда үй кезегінде тұрғанмен, сол баспана мәселесі әлі шешілмей жатыр. Адал еңбегі бағаланып, «Теміржолдағы 10 жылдық қызметі үшін» медалімен марапатталған. Енді салалық медальді 20 жылдық еңбегі үшін де алады. Бұл медальді алу арқылы жалақысына да үстемақы қосылады.

– Өткелдегі осы шағын будкаға күндізгі ауысым бойынша таңертең 8:00-де келіп, кешкі 20:00-ге дейін, ал түнгі ауысымда әрі қарай таңға дейін отырамыз. Күніне орта есеппен 30 шақты пойыз өтеді. Сол кезде шлагбаумды жауып, будка сыртына шығып, сары жалауымызды көрсетіп, жол таза деп пойыздарға белгі беріп тұрамыз. Ал жолда бір қиындық болса, қызыл жалау көрсетеміз. Будка ішінде пеш, қысқа толқынды пеш, тоңазытқыш, киім ауыстыратын шкаф және орталықпен байланысып отыратын екі байланыс телефоны бар. Сол арқылы керек кезінде диспетчерлерге хабар береміз. Дистанция жыл сайын жұмыс киімімен қамтамасыз етіп отырады. Жылына 4 рет сыйақы беріледі. Жалпы маңдай терін төгіп, жауапкершілікпен еңбек еткен адамға табыстың көзі қай жерде де бар, соның ішінде теміржолда жұмысшылар жағдайы жасалған, – дейді Ж.Құрманов.

Теміржол қозғалысы бір сәтке де тоқтамайды, жолаушылар мен жүктер тиеген пойыз вагондары ерсілі-қарсылы зулайды. Шойын жол бойындағы жұмысына берілген Жамбыл сияқты сала мамандарының арқасында қозғалыс қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, ел экономикасының күре тамыры саналатын теміржол қызметі дамуда.

«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады». Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында айтты. Елордада елеулі еңбегімен ілгері басып, өрге озған азаматтар аз емес. Солардың бірі – астаналық слесарь-сантехник Нұржан Құсайынов.

ЕҢБЕГІМЕН ӨРГЕ ОЗҒАН

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Ақмолада туып-өсіп, орта мектепті тәмамдағаннан кейін, кәсіптік училищеде білімін жалғастырған жас жігіт алғашқы еңбек жолын 1996 жылы қарапайым жұмысшы болудан бастады. Содан бері ол мыңдаған тұрғынның үйіне сантехниканы орнату және реттеу, судың ағып кетуін жою, құбырларды төсеу және жөндеу секілді жұмыстарды атқарып келеді.

Нұржан Өмірзақұлының қолынан келмейтіні жоқ. Мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерген маман кез келген жұмысты сапалы әрі адал атқарады. Өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маманның қызметіне нарықта сұраныс та көп.

Бүгінде ол «Адал ниет Астана» жекеменшік мекемесінде сумен жабдықтау, кәріз, жылыту және басқа да санитарлық-техникалық коммуникациялар жүйелерін монтаждаумен, жөндеумен және қызмет көрсетумен айналысады.

– Жұмыстың жаманы жоқ, қазіргі кезде кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқарса, кейінгілер де аға буыннан үлгі алып, дәстүр жалғаса береді. Бұл ретте мен жөнделген жабдықты орнатып, сынақтан өткізумен қатар, оны жұмыс істеп тұруына толығымен дайындаймын, сондай-ақ ақауларды анықтап, механизмдердің техникалық диагностикасын жүзеге асырамын. Әртүрлі слесарлық құралдарды, атап айтсақ, гайка кілттері, балға, электр бұрғысы, бұрғылау және ажарлау машиналары, қырғыш және тағы да басқа бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, жабдықты жинау кезінде техникалық талаптарға сәйкес олардың нақты өзара орналасуына ерекше мән беремін. Барлық нормаларды сақтау маңызды. Бөлшектерді қиыстырып келтірумен бірге тетіктердің жұмысын дұрыстаймын және реттеймін. Жұмысым оңай деп те айта алмаймын. Дегенмен тұрғындардың тілегі орындалғанына қуанғанын көргенде бәрі ұмытылады. Президент 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Өз басым бұл жастарды жұмысшы мамандықтарға бағыттау, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеру және қоғамның осы салаларға көзқарасын жақсарту үшін жасалған нақты қадам деп түсінемін, – деді Нұржан Құсайынов.

Ол – нағыз еңбек адамы, әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат қана емес, өз кәсібінің шебері. Елорданың дамуына елеулі үлес қосып жүрген қарапайым жан үйде балаларына ерінбей еңбек еткеннің ғана өмірде қалағанына қол жеткізетінін үнемі айтып отырады. Себебі өзі де солай ержетті. Әкесі Өмірзақ пен анасы Қымбаттың ғұмыр бойы тырбанып еңбек еткенін, содан жаман болмағанын, керісінше, көпшілік арасында тек алғысқа бөленгенін көріп өсті. Енді, міне, сол жолды өзі жалғастыруда.

Зайыбы Жанар Серікқызы екеуі бір қыз, бір ұл тәрбиелеп, күйеу баласы Тілеухан мен қызы Айданадан бүгінде Томирис атты жиен немере сүйіп отыр. Биыл Астанадағы Бизнес және сервис колледжін аяқтаған шаңырақ иесі Темірлан болса әке жолын қуып, өз мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. Әке-ана тәрбиесін көріп өскен ұл-қыздары кішіпейіл, сыпайы, еңбекқор. Үлкендерге көмектесіп, адамдардың алғысына бөленіп жүр.

«ҚАЗЫНА ИЕСІ ҚАРЫНДАС»

Үш жыл бұрын Үкімет қаулысымен 24 қазан кітапханашылардың кәсіби мерекесі ретінде бекітілді. Астананың өзінде кітапханалар саны жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Мәселен, бұрын елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі құрамында 18 кітапхана болса, қазір саны 25-ке жетті. Ерекше атап өтерлігі, бас қаланың кітапханалар болмаған аудандарында кітап ордалары бой көтерді. Соның бірі – Ж.Нәжімеденов көшесінде былтыр Астана күні мерекесі қарсаңында ашылған №6 көпшілік кітапхана.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бүгіндері «Нұрлы жол» вокзалының аумағы – қарқынды дамып жатқан аудан. Сол маңайда көппәтерлі үйлердің көптеп салынуын, тұрғындардың көбеюін ескерген қала әкімдігі жоғарыда аталған кітапхананы ашып берді. Жас маман Рабиға Сайлаубекова мұнда ашылған күннен бастап жұмыс істейді.

Рабиға Лесбекқызы – негізінен, тіл маманы. Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінен түлеп ұшып, Жамбыл облыстық Тілдерді оқыту орталығы Сарыкемер аудандық бөлімшесінің меңгерушісі болды. Одан соң кітапхана саласына ауысып, Тараздағы облыстық Ш.Уәлиханов атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды. Бес жыл бұрын елордаға қоныс аударып, балабақшаға қызметке қабылданды. Ал №6 кітапхана ашылғанда, үйреншікті жұмысына қайтып келді.

Бүгінгі таңда кітапхана тек кітап сақтайтын орын ғана емес, жастардың ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылыққа баулитын мәдени орталыққа айналып келеді. Рабиға Сайлаубекова осындай ортада өз еңбегімен қазір ерекше көзге көрініп жүр.

Жас маман кітапқа бала күнінен құмар болып өсті. Оған отбасында көрген тәрбие үлкен әсерін тигізді. Әкесі, журналист, ақын, елге танымал «Жалын кешкен» әні мәтінінің авторы Лесбек Сайлаубек қызын осылай тәрбиеледі. Рабиға мектеп жасында өлең жазып, «Мөлдір бұлақ», «Жыл – он екі ай» секілді балалар журналына шығып тұратын. Студент кезінде өзі оқыған университеттің «Жастар айдыны» газетінің редакторы болды.

Жас маманның басты мақсаты – жастарды кітап оқуға баулу, кітапханаға деген қызығушылығын арттыру және қоғамды ақпаратпен байланыстыру. Осы бағытта ол біршама мәдени және танымдық іс-шаралар ұйымдастырып, оқырмандармен тығыз байланыс орнатқан.

Рабиға Лесбекқызының еңбегінің айқын дәлелі – оның авторлық «Жасанды интеллект – кітапханада» атты жобасы. Бұл жоба қазіргі заман талабына сай кітапхана қызметін цифрландыруға және жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалануға бағытталған. Аталған жоба республикалық байқауда арнайы жүлдені иеленді. Жас маман басқа да байқауларға қатысып, бірнеше марапатқа ие болды. Атап айтқанда, Мәдениет министрі Аида Балаеваның алғыс хатымен марапатталды.



Биыл Жұмысшы мамандықтары жылына байланысты елорданың Сарайшық ауданының әкімдігі LED-экрандарға жұмысшы мамандық иелерін орналастырды. Еңбегі жоғары бағаланған мамандардың қатарында Рабиға Лесбекқызы да бар.

Рабиға Сайлаубек өзін іскер, ізденімпаз және жаңашыл маман ретінде көрсетіп келе жатыр. Ол үшін кітапхана – тек білім мен руханият ошағы ғана емес, ақпараттық мәдениетті қалыптастыратын интеллектуалды орталық.

«Кітап – қазына» дейміз.

...Жүрегі өлеңмен нұрланған,
Ізгілік ізінен үлгі алған,
Қазына иесі қарындас,
Өмірін кітапқа арнаған... – деп жырлайды белгілі ақын Баянғали Әлімжанов «Кітапханашы қарындас» атты өлеңінде. Рабиға Лесбекқызы – дәл осындай жан.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

20.10.2025 №510-3852

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «20» 10
№ 510-3852 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 13 шілдегі №510-1372 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшада келесі мазмұндағы қосымшаға сәйкес реттік нөмірі бар жолымен толықтырылсын:

«

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
28.	21-320-128-1560	Бенько Раиса Степановна Маньков Александр Владимирович	2240	2014	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Заречный т.а., Ақниет көшесі, 9 үй, 1 пәтер Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Заречный т.а., Ақниет көшесі, 9 үй, 2 пәтер	Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу	Ортақ үлестік меншік

»

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 510-1440 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша келесі жаңа редакцияда жазылсын:

«

Астана қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «23» сәуірдегі
№ 510-1440 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесі-нің ауда-ны (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-135-5223	«Essential Homes» ЖШС	77804	77800	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі, 47 учаске	Көппәтерлі тұрғын үй кешенін, кіріктірілген коммерциялық үй-жайлар мен автотұрағы бар құрылыс	03.11.2026ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
2.	21-320-135-6524	Алтынбекова Аяна Болатовна	4824	3	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е 116 көшесі, 1/24 учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы нысандарды салу және пайдалану	Жеке меншік
3.	21-320-135-6900	«K-Green» ЖШС	126872	117749	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 46Б учаске	Коммерциялық үй-жайлар мен автотұрақтары, ойын-сауық орталығы, балабақшалар, мектеп, дүкен және саябақ аймағы бар көппәтерлі тұрғын үйлер салу	19.05.2025ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
4.	21-320-135-6899	«SA-Green» ЖШС	51439	35756	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 46А учаске	Коммерциялық үй-жайлар мен автотұрақтары, ойын-сауық орталығы, балабақшалар, мектеп, дүкен және саябақ аймағы бар көппәтерлі тұрғын үйлер салу	19.05.2025ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
5.	21-320-135-6898	«SA-Green» ЖШС	125404	125401	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 46/5 учаске	Коммерциялық үй-жайлар мен автотұрақтары, ойын-сауық орталығы, балабақшалар, мектеп, дүкен және саябақ аймағы бар көппәтерлі тұрғын үйлер салу	19.05.2025ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану

»

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 510-1441 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдегі № 510-2012 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 23 қыркүйектен 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 510-383 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2022 жылғы 30 мамырдан 2023 жылғы 30 мамырға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 510-3064 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 11 қарашадан 2025 жылғы 11 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 510-2637 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 24 ақпандан 2025 жылғы 24 ақпанға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

8. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 510-498 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 23 қыркүйектен 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

9. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 25 шілдегі № 510-2458 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 23 қыркүйектен 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 14 қаңтардан 2027 жылғы 14 қаңтарға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

10. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 қыркүйектегі № 510-3091 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 3-жолға «КУСА Халық» ЖШС сөздер «Халық Актив» ЖШС деген сөздермен ауыстырылсын:

11. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 510-1376 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 3-жолға «Прилепин Александр Иванович» сөздер «Прилепина Надежда Михайловна» деген сөздермен ауыстырылсын:

12. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 тамыздағы № 510-2656 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 80,82,83-жолдарға «Малдыбаев Едил Дуйсебекович» сөздер «Маусымбеков Жанибек Жаксыбекович, Маусымбекова Жанар Сабеновна» деген сөздермен ауыстырылсын:

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 80,82,83-жолдарға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздермен ауыстырылсын:

реттік нөмірі 73,74,78 -жолдарға «Амангельдинов Арман Гайдарович» деген сөздер «Алтынбекова Аяна Болатовна заңды өкілі (ана) Алтынбекова Айгуль Амангельдиновна» деген сөздермен ауыстырылсын:

13. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қазандағы № 510-3157 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «учаске 1 – 0,8519 га» деген сандар мен сөздер «учаске 1 – 1,1574 га» деген сандармен және сөздерге ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша келесі жаңа редакцияда жазылсын:

Астана қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «11» қазандағы
№ 510-3157 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-128-1005	Астана қаласы әкімдігінің «№ 76 «Әдемі» бөбекжай-бақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	9408	304	Астана қ., «Есіл» ауданы, Әлихан Бөкейхан к-сі, 4/1 уч.	240 орындық балабақшаны пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
2.	21-320-128-966	«Цеснабанк» АҚ	19376	3230	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ к-сі, 68-уч.	Кіріктірілген Қоғамдық үй-жайлары бар тұрғын үй кешенін салу және пайдалану	Жеке меншік
3.	21-320-128-979	«Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ	16629	792	Астана қ., «Есіл» ауданы, Әлихан Бөкейхан к-сі, 4-уч.	Сквердi пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
4.	21-320-128-967	«jusan ventures» (жусан вэнчэрс) ЖШС	324	51	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ к-сі, 70Н құрылым	Тарату қосалқы станциясын пайдалану	Жеке меншік
5.	21-320-128-1151	Астана қаласы әкімдігінің «№9 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	11301	62	Астана қ., «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 16/1 үй	Амбулаториялық емханалық кешенді ауысымда 150 адам қабылдайтын балалар емханасын және ауысымда 350 адам қабылдайтын ересектер емханасын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
6.	21-320-128-1672	«Жеңіс Production» ЖШС	473	473	Астана қ., «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 20Г ғимарат	Қонақ үй-кеңсе кешенін салу және пайдалану	Жеке меншік
7.	21-320-128-1404	«ASTANA GOLD» ЖШС	34	2	Астана қ., «Есіл» район, Әлихан Бөкейхан к-сі, 2А уч.	Сауда-офис бөлмесін пайдалану	Жеке меншік
